

FTAMP 10.53.30

Б.А. Жусипова

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: bakyt-enu@yandex.kz)

Климаттың өзгеруіне бейімделуі аясында заңнамалардың қолданылуы

Аңдатпа. Аталған мақала қоршаған ортаны қорғау мақсатында климаттың өзгеруіне бейімделу аясында парниктік газдарды шектеу және қысқартудың халықаралық және ұлттық заңнамаларының қолдануы, шетел мемлекеттері заңнамаларын жүзеге асырудың кейбір тәжірибесін зерттеуге арналған.

Автор халықаралық құқық нормаларын, ұлттық заңнаманың нормаларын ескере отырып, аталған мәселелерді Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

XXI ғасырдың бүкіл әлемдегі экологиялық қауіпсіздік мәселесінің бірі жаһандық жылыну қоршаған ортаға адамзаттың антропогендік және техногендік ықпалдарының ұзақ жылдар бойы тигізіп келген әсері, яғни ғылыми –техниканың қарыштап дамуы адамзат өмірін жақсартуға тікелей ықпал етеді, бірақ қоршаған ортаға зиян тигізіп келеді.

Қазақстан Париж келісімінің нормаларына сәйкес, халықаралық міндеттемелерді орындауда парниктік газдар шығарындыларын түгелдеу, деректерді жүйелендіру, жоспарлау іс-әрекеттерді жүзеге асырудың құқықтық механизмін жетілдіруге бағытталған.

Түйін сөздер: парниктік газдар, парниктік газдарды түгелдеу, жаһандық жылыну, қондырғы, қоршаған орта, қоршаған ортаны қорғау, шығарындыларды азайту бірлігі, көміртекті қондырғы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2019-126-1-130-137>

Кіріспе. Адамзаттың қауіпсіздігіне қатер төндіретін ұзақ уақыт бойы пайда болған жаһандық жылынудың өзектілігі бүкіл әлемдегі XXI ғасырдың халықаралық мәселелердің бірі болып табылады.

Жаһандық жылыну - біздің планетамыздағы орташа температураның баяу, тұрақты және біртіндеп өсуі ретінде халықаралық және аймақтық деңгейлерде халықаралық-құқықтық реттеу нысанына айналған климаттың өзгеруінің жағымсыз әсерлері бар жүйелік құбылыс ретінде байқалады.

Бұл құбылыс әлемдік мұхит деңгейінің көтерілуіне ықпал еткендіктен, ол үлкен аумақтардың су тасқынына апарып соғады, әлемдік қоғамдастық БҰҰ шеңберінде келісілген іс-қимыл қажеттілігін алаңдатады, ол қауіпсіздікке қауіп төндіретін жаһандық жылынудың теріс әсеріне қарсы тұру үшін ортақ нормалар мен принциптерді әзірлеп, жүзеге асырылуда. Жылынудың нәтижесінде Арктиканың, Антарктиканың мұздықтары еріп жатыр деген болжамдар кездеседі.

Парниктік газдарды құқықтық реттеудің негізгі механизмі ең алдымен халықаралық құжаттар мен ұлттық заңнама нормаларында орын алады.

Алға қойған міндеттер. Климаттың өзгеруіне бейімделу аясында парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатында келісілген іс-қимылдар тәсілдері мәселелерін және мемлекеттік механизмін анықтау. Жаһандық жылынуға бірден бір ықпал етуі парниктік газдар шығарындылары болғандықтан, климаттың өзгеруіне бейімделу аясында халықаралық құжаттармен ұлттық заңнамаларды және шетел мемлекеттері заңнамаларындағы мәселелерін зерттеп, бірқатар тұжырымдар беру.

Негізі бөлім. Париж келісімін 2015 жылдың 12 желтоқсанда ратификациялағаннан кейін, бүкіл әлем бойынша климаттың өзгеруі жөніндегі саясат ұлттық деңгейде бекітілген жарналарға қол жеткізу үшін ішкі саясат шараларын қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

Бұл шарттың мәні - тараптар өздері халықаралық климаттық саясатқа қосқан үлесін анықтауы мүмкін. Осылайша, Париж келісімі табысқа жету үшін «бір рецепт» болып табылмайды, бірақ ол елдер өздерінің жоғарғы деңгейіне көтерілуіне мәжбүрлі. Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен үкіметтер өздерінің ұлттық контекстінде шығарындыларды азайтудың нақты құралдарына қол жеткізуді мақсат етіп қойды.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, іс жүзінде бұл жоспарларды жүзеге асыруда көптеген қиындықтарға тап болады.

Қазақстан 2009 жылы Киото хаттамасын ратификациялауға байланысты парниктік газдар шығарындыларын азайтудың нарықтық механизмін енгізу туралы шешім қабылдады.

Буланған (парниктік) газдар шығарындыларын құқықтық реттеу тетіктері климаттың өзгеруі туралы БҰҰ Негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасымен белгіленеді. Бұл халықаралық құжат:

- ▶ шығарындыларды шектеу және қысқарту жөніндегі сандық міндеттемелер;
- ▶ осы міндеттемелердің сақталуын бақылау тетіктері;
- ▶ Ұлттық экономиканың тиісті секторларында энергия пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында экономикалық «икемділік механизмдері»[1].

Аталған халықаралық құжатта қоршаған ортаны қорғау мақсатында құқықтық реттеу экономикалық механизмді қолдану көзделінген, демек тараптар ұлттық заңнамаларында қоршаған ортаны қорғау жобаларын әзірлеуге және енгізуге, энергияны үнемдейтін технологияларды енгізуге және қазба отындарын елдің тұрақты дамуының үш басым бағытын қамтитын жаңартылатын энергия көздерімен алмастыруға тікелей шетелдік инвестициялардың нақты көзін құруға мүмкіндік береді деп болжайды.

Қазақстан Республикасындағы халықаралық құқықтық құжаттардың негізінде климаттың өзгеруі туралы конвенцияның және Киото хаттамасының механизмдерін қолдануды құқықтық қамтамасыз ету саласында заңнамалар қабылданып, белсенді жұмыстары жүргізілуде. Климаттың өзгеруі жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды және жұмыс істейді, Қазақстан Республикасының көміртегі бірліктерінің Ұлттық тізілімі құрылды.

Буланған (парниктік) газдардың қайнар көздері мен шығарындылары бойынша антропогендік шығарындылардың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібі, парниктік газдарды түгендеудің ұлттық жүйесі туралы ереже, бірлескен іске асыру жобаларын ұсыну, қарау және бақылау тәртібі туралы ереже әзірленіп, қабылданды.

Квоталар және тиісті көміртегі бірліктері эмитенттерге парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі эмитенттерге белгіленген тапсырмаларды негізге ала отырып, Еурокомиссиямен келісілген квоталарды орналастырудың ұлттық жоспарларына сәйкес аукциондарда сату жолымен ішінара тегін беріледі.

Бұл ретте эмитенттердің квоталарды сатуға және сатып алуға, сондай-ақ алынған тапсырмаға сәйкес парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін Киото хаттамасының жобалық тетіктерін пайдалануға (нарықта тиісті көміртегі бірліктерін сатып алуға) құқығы бар.

Қазақстанда қондырғылар бойынша парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу базалық желіні немесе парниктік газдар шығарындыларын шектеу және азайту бойынша міндеттемелер ескеріле отырып, парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенттерін қолдану негізінде жүзеге асырылады[2].

БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына -Киото хаттамасының 17-бабына сәйкес, Тараптар тиісті принциптерді негізге ала отырып, шығарындылардың саудасын тексеру, есепке алу міндеттемелерін орындау мақсатында шығарындылар саудасына қатысады, шығарындыларды шектеу және азайту жөніндегі белгіленген сандық міндеттемелерді орындауға бағытталған Қазақстанда пилоттық жобалары құқықтық тетігін жасауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің 2018-2020 жылдарға арналған Ұлттық жоспарын бекіту туралы қаулысы қабылданды.

Бұл жоспар көміртекті реттеу, парниктік газдар шығарындыларын бағалау және болжау, соның ішінде экономиканың салалары бойынша шығарындыларды азайту әлеуетін бағалау, мемлекеттік субсидияларды талап ететін парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу бойынша шаралар жүйесін құрутбойынша нормативтік-құқықтық базаны құруды көздейді[3].

Шығарындылардың сауда жүйесінің тартымдылығы айқын, ол рұқсат етілген шығарындылардың жоғарғы шегін белгілеп, нарықтық экономиканың заңдары шығарындыларды азайтудың ең үнемді тәсілдерін анықтайды. Айқындалғандай экономикалық құралдардың бірі көміртекті бағасы болып табылады.

Бұл шешім парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған Қазақстан Республикасында шаруашылық және өзге де қызметтердегі ұйымдардың басшыларының жауапкершілігін анықтайды, парниктік газдар шығарындыларын бақылайды және есептерде ұсынылған ақпараттың дұрыстығына жауапты болады.

Қазақстан Республикасының экологиялық Кодексінің 94-7 бабына сәйкес, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін азайтудың нарықтық тетігін белгілейді, мақсаты шағырындыларын азайту бірліктерінің саудасын, бекітілген халықаралық саудасын қамтиды, көміртегі бірліктерін сату және сатып алу қондырғы операторларын ведомстволық бағынысындағы ұйымдар және жобалық тетіктерді іске асыруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады, сонымен қатар биржалық сауда арқылы электрондық нысанда жүргізіледі[4].

2016 жылғы 4 қарашада Қазақстан Республикасы «Париж келісімі» (бұдан әрі - «Париж келісімі») ратификациялады.

Париж келісімін ратификациялау Қазақстанда төмен деңгейлі көмірсутекті дамыту бағытында ұлттық көптеген іс-шаралар қабылданып, жүзеге асыруды көздеп отыр, оның ішінде парниктік газ шығарындыларын азайту бағытында орман және ауылшаруашылығы секторының әлеуеті жоғары сондықтан ормандарды сақтаудың рөлі мен парниктік газдар сіңіргіштері мен жинағыштарын сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөлінеді[5].

Елімізде 2020 жылға дейін ормандарды молайту жұмыстардың көлемі 80,0 мың га жетуі жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 9 бабының 2-тармағында орманның пайдалы қасиеттері мен экологиялық және әлеуметтік функциялары көзделінген, оттегін бөліп шығару, көмір қышқыл газын бойына сіңіру, топырақты су және жел эрозиясынан сақтау, бальнеологиялық және климат реттеушілік қасиеттерін жатқызады [6].

Демек, ормандар жер шарымыздағы ең маңызды көміртегі қоймаларының біріне жатқызуымызға болады. Дегенмен ауылшаруашылығына немесе инфрақұрылымдарға арналған аумақтардың қажеттілігіне орман жерлері кесілді, сонымен қатар ормандардың өрттенуі климаттың өзгеруіне керісінше парниктік газдарды көп мөлшерде шығару факторлары да кездеседі.

Климаттың өзгеруі үдерісі табиғи және антропогендік факторлар әртүрлі экологиялық жолдармен жаңа екпелер мен ормандарды қалпына келтіру және ормандарды қорғау қызметі экология- экономикалық механизмдердің әсері болуы мүмкін.

Париж келісімінде айтылғандай, парниктік газдар сіңіргіштері мен жинағыштарын мән жайларға қарай сақтау мен көбейту, биологиялық әртүрлілікті қорғаудың маңыздылығын көрсетті (5-бап) соған сәйкес, орман көмірқышқыл газын бойына сіңіру қасиеті болғандықтан, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бектілді.

Қазақстанның орман және жайылымдық экожүйелері 9 миллиард тоннадан астам көміртегі сақталады, ол антропогендік шығарындылардың жалпы соманың шамамен 6% -ын өтейді.

2016 жылы Қазақстанның жалпы ұлттық парниктік газдар шығарындыларының көлемі ЖЖӨОШ- (жер пайдалану, жер пайдаланудағы өзгерістер және орман шаруашылығы секторын есепке ала отырып, 1990 жылғы деңгейден 8,6 % ға төмен, ал ЖЖӨОШ- есепке алмағанда-12,8%

Елдің аумағында орман жамылғысы артуы және орман және жайылымды экожүйелерді орнықты басқару 1990 жылдан бастап газдың деңгейі 76% парниктік газдар шығарындылары жабуға мүмкіндік береді.

2017 жылы республикадағы орман иелерімен, ормандарды молайту және ағаш өсіру 57,4 мың га аумақта, оның ішінде ағаш отырғызу әдісімен 23,5 мың га республиканың оңтүстік аумақтарында сексеуіл отырғызу 21,4 мың га және 12,5 мың га ормандар аумағында жаңартуға ықпал етілді [7].

2018 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасында орман ландшафтарын қалпына келтіру және Кавказ және Орталық Азиядағы Бонн шақырылуы бойынша министрліктердің дөңгелек үстелі өтілді.

Мақсаты Ұлттық басымдықтарды жүзеге асырудың құралы ретінде су және азық-түлік қауіпсіздігі, апаттарды азайту, ауылдық аймақтардың дамуы, биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану және халықаралық міндеттерді орындау мақсатында ормандарды қалпына келтіру [8].

Ландшафт жерді әртүрлі типтегі үлкен аумақта жер немесе су айдыны (мысалы, ауыл шаруашылығы, орманшылық, топырақ қорғау, сумен жабдықтау және сумен қамтамасыз ету) гетерогендік мозаика ретінде қарастырылуы мүмкін. Орман ландшафтары ағаштармен, азық-түлік, энергия, баспана, кіріс, адамның әл-ауқаты және т.б. көптеген экологиялық тауарлар мен қызметтер (биоәртүрлілікті сақтау, топырақ және су қорғау, демалыс аудандары, көміртегі сақтау), (азық-түлік және ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыз су, туризм, энергетика және орман шаруашылығы) экономиканың көптеген салалар үшін маңызды болып табылады.

Меніңше, климаттың өзгерумен күрес жүргізу үшін ормандарды молайту, орман аумағын кеңейту, өндірісте төмен көміртекті технологияларды пайдалану, инвесторларды тарту, экономикалық механизмдерді ынталандыру қажет.

Ең бастысы Қазақстанда «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында 2013 жылдан бастап елімізде парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесі (бұдан әрі - «ШСЖ») іске қосылды.

Құқық қолдану практикасы 2016 жылы ШСЖ-ның тоқтатылуына әкеліп соқтырған заңнамадағы бірқатар кемшіліктерді анықтады. Бұл кемшіліктер жойылып, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ШСЖ-ның жұмысының жаңа кезеңі басталды. Париж келісімі шеңберінде парниктік газдарды реттеу тәсілдерін жаңартуға байланысты ШСЖ одан әрі жетілдіру қажеттігі туындап отыр[9].

Сондықтан қазіргі таңда Қазақстанда Экологиялық кодексті қайта жаңғыртуды талап етіп отыр. Жаңа экологиялық кодекстің нормалары Париж келісімі аясында қамтылған парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатында климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша мемлекеттік органдардың құзыреттілігін айқындау болып табылады.

Нәтижиені талқылау. Жаһандық жылынудың себептері толығымен түсіндірілмеген, бірақ олар ең алдымен, адамзаттың өндірістік және басқа да техникалық қызметінің нәтижесі сонымен қатар, көмір электр станциялары, автокөліктердің шығарындылары, зауыт құбырларынан шығатын ластану көздері және басқалары атмосфераға 22 миллиард тонна көміртегі диоксиді парниктік газдар шығарындылары болып табылады.

Мал шаруашылығы, тыңайтқыштарды пайдалану, көмірді жағу және басқа да көздер жылына шамамен 250 миллион тонна метанды өндіреді. Адамзат шығаратын парниктік газдардың шамамен жартысы атмосферада қалады. Соңғы 22 жылдағы парниктік газдардың барлық антропогендік шығарындыларының төрттен үш бөлігіне мұнай, табиғи газ және көмірді пайдалану себеп болды. Қалғандардың басым бөлігі ландшафттың өзгеруімен, негізінен орманды кесуден туындады. Бұлардың бәрі газдардың шығарындылары болып табылатындықтан жылынуға әкеледі [10].

Ең бірінші Еуропалық Одақ (ЕО) климаттың өзгеруімен күресу үшін оның негіз қалады. Өзінің құрылған сәтінен бастап, ол тәжірибе мен жаңа зерттеулерге негізделі отырып дамып келеді. Шынында да, 10 жылдық тәжірибеден 21 түрлі эмиссиялық сауда жүйесін енгізгеннен кейін, бүгінгі күні Парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесі ШСЖ теориялық тұжырымдамадан тәжірибелік құралға айналды.

Еуроодақ климаттың өзгеру мәселесін еуропалық және халықаралық қауіпсіздікке әсер ететін бірден бір негізгі қатер ретінде қарастырады. Жылдан жылға ЕО өзінің климаттық стратегиясын дамытып келеді және климаттың өзгеруіне әсер тигізетін саяси, экономикалық және әкімшілік шараларына қолданылатын спектрді кеңейтуде.

Біз белітіміздей, 2014 жылдың қаңтарында Еуропалық Комиссия тұрақтылық пен шығарулар сауда жүйесінің беріктігін арттыру (EU ETS) мақсатында, 2030 жылға дейінгі климат және энергетика бойынша жаңа Негіздемелік бағдарлама ұсынды, Еуропарламентпен құпталған жағдайда 2021 жылдан бастап өз күшіне енеді.

Негіздемелік бағдарламада 2030 жылы жылыжайлық газдардың қалдықтарын 1990 жылдың деңгейімен салыстырғанда 40%-ке, ал жаңартылған энергия бойынша 27%-ке төмендету күтілуде. [11,186].

Мысалы, Германия мемлекетті жаңартылған энергия көздерін (жел, су) пайдалану нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларын азайтып отыр, Австрия мемлекеті электр энергиясының бағасын көтеруі арқылы жерді тазартуды және ағаш отырғызуды парниктік газдарды шектеу арқылы қысқартуға қол жеткізуге тырысады. Чехия мемлекеті электр энергияны пайдалану арқылы темір жол тасымалдауын қысқартуды көздеген сонымен қатар, Газ және дизельді отынмен жұмыс істейтін автокөліктерге тыйым салудан парниктік газдар шығарындылары үшін қолайлы лимиттер белгілеу қатысты жаңа заңдар қабылданды.

Австрия үкіметі климаттың өзгеруіне бейімделуіне «өкінбейтін» саясатын енгізді, ол, мәні бойынша, ешқандай іс-қимыл жасамайтындығын білдірді, бұл электр энергиясының бағасын көтеруі мүмкін, және таза жердің аздығынан ағаштар отырғызу арқылы азайтуға тырысты, дегенмен бұл тәжірибеде ұзақ уақытты қажет етті [12].

Әлемнің көптеген елдері оның ішінде Чехия мемлекеті Газ және дизельді отынмен жұмыс істейтін автокөліктерге тыйым салудан парниктік газдар шығарындылары үшін қолайлы лимиттерге қатысты жаңа заңдар қабылдап, үкіметтері іс-қимыл жоспарларын жүзеге асыруды нақтылады [13].

1990 жылмен салыстырғанда «Жол картасы» саясаты бекітіліп, мақсаты парниктік газдар шығарындыларын біртіндеп 2050 жылға қарай кемінде 80% -ға төмендету

2020-2030 жж аралығында 2050 жылға қарай Еуропалық Одақтың бәсекеге қабілетті төмен көміртекті экономикасына көшу үшін сонымен қатар алдағы жылдар ұлттық экономиканың барлық салаларында іргелі құрылымдық және технологиялық өзгерістер түрінде жүзеге асырылуы тиіс, соның ішінде, қоғамның мінез-құлқы мен ойлауы қабілеті және әдеттердегі өзгерістері ескерілуі мүмкін.

Германия Федералды үкімет климатты қорғау мақсаттарына қол жеткізу үшін 2020 жылға дейінгі Климаттық іс-қимыл бағдарламасы және 2050 жылға дейінгі климаттық іс-қимыл жоспары арқылы қол жеткізбек.

Сондықтан Германия үкіметі 2020 жылға дейінгі Климаттық іс-қимыл бағдарламасы және 2050 жылға дейінгі Климаттық іс-қимыл жоспары түрінде шаралар қабылдады. Энергетика секторында 19,5 млн. тонна айтарлықтай төмендеу байқалды. Электр энергиясымен сауда-саттықтан түскен үлкен сауданың өсуіне қарамастан, жаңартылатын энергия көздерін кеңінен қолдану (әсіресе жел энергиясы) және ядролық энергетика объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету режиміне көшу немесе ауысу және лигнит тұтынудың төмендеуіне байланысты 313 млн. тоннаға дейін шығарындылар азайды.

Ауыл шаруашылығындағы шығарындылар 2017 жылы өткен жылмен салыстырғанда біршама төмендеді, бұл 66 млн. Тонна CO₂ эквивалентіне дейін, бұл алдыңғы жылға қарағанда 0,4% -ға төмен және 1990 жылғы деңгейден 16,3% төмендегендігін көрсететді. Бұл негізінен минералды тыңайтқыштарды пайдаланудың төменгі деңгейіне байланысты. Шығарындыларды игеру үрдісі азайған: жаңа технологиялар енгізілгеннен кейін және осы заттардың алмастырғыштары ретінде қолданылғаннан кейін, күкірт гексафторидінің (SF₆) және хлорфторкөміртектің (ХФУ) шығарындылары тиісінше 34,4% және 88,9% төмендеді. Дегенмен, гидрофторкөміртектің шығарындылары сол кезеңде 32,2% -ға артты[14].

Қортынды. Қазақстанда Париж келісімі аясында климаттың өзгеруіне бейімделу қамтылған парниктік газ шығарындыларын азайту Ол Париж келісімінің 7-бабына сәйкес халықаралық міндеттемелерді орындаудағы іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін тиісті институционалдық негізді айқындайды.

Демек парниктік газдар шығарындыларын түгелдеу, парниктік газдар шығарындылары туралы деректерді жүйелендіру, жоспарлау, шығарындылар көрсеткіштерін мақсатын белгілеу, шығарындыларды азайтуға және сіңіруді арттыруға бағытталған. Мемлекеттердің басты мақсаты, парниктік газдар шығарындыларын қысқарту, біздің ойымызша, климатты қорғау үшін ұлттық нормативтік базаны жетілдіру үшін, еуропалық тәжірибені қарастыру дұрыс деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 26 наурыздағы N 144-IV Заңы. [Электронды ресурс]. - URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000144_/ (Қарастырған күні: 22.12.2018)
- 2 Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу және Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталардың белгіленген мөлшердегі резерві мен көлемін қалыптастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 370 қаулысы. [Электронды ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000370> (Қарастырған күні: 22.12.2018)
- 3 Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы қаулысы. [Электронды ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000873>
- 4 Қазақстан Республикасының экологиялық Кодексі 2007 жылғы 9 қаңтар [Электронды ресурс]. - URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_ (Қарастырған күні: 23.12.2018).
- 5 Париж келісімін ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 4 қараша, 2016 ж. [Электронды ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000020/> (Қарастырған күні: 24.12.2018)
- 6 Қазақстан Республикасы Орман кодексі 2003 жылғы 8 шілде. [Электронды ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000477> (Қарастырған күні: 24.12.2018).
- 7 Ұлттық баяндама 61-бап. [Электронды ресурс]. - URL: <http://energo.gov.kz/index.php?id=16381> (Қарастырған күні: 24.12.2018).

8 Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің жобасы. [Электронды ресурс]. - URL: <http://energo.gov.kz/> (Қарастырған күні: 24.12.2018).

9 Быковский В.К. Международно-правовое регулирование борьбы с глобальным потеплением и подходы России и стран СНГ к ратификации Парижского соглашения об изменении климата от 12.12.2015г. / В.К. Быковский // Международное сотрудничество Евразийских государств: политика, экономика, право. - №1. - 2017.

10 Система торговли выбросами: международный опыт Казахстан / Под ред. проф., д.э.н. Б.К. Есекиной. – Астана: 2014. – 58 с.

11 Никонов Р.В. Выбросы парниковых газов и правовое регулирование сокращения эмиссии в европейском союзе. / Р.В. Никонов - № 8 (41) август, 2017 г. file: [Электронный ресурс]. - URL: <C:/Users/User/Downloads/vybrosy-parnikovyyh-gazov-i-pravovoe-regulirovanie-sokrascheniya-emissii-v-evropeyskom-soyuze.pdf> (Қарастырған күні: 26.12.2018).

12 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспар [Электронды ресурс]. - URL: <https://unfccc.int/files/na/application/pdf/> (Қарастырған күні: 26.12.2018).

13 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспар [Электронды ресурс]. - URL: <https://gettingthedealthrough.c> (Қарастырған күні: 26.12.2018).

Б.А. Жусипова

Евразийский национальный университет им.ени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Применение законодательства в области адаптации к изменению климата

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию опыта применения норм международного права в области адаптации к изменению климата и применению международного и национального законодательства для защиты и охраны окружающей среды.

Автор рассматривает проблемы с учетом международных норм, норм национального законодательства, формулирует предложения по совершенствованию законодательства Республики Казахстан. Одна из экологических проблем XXI века во всем мире заключается в том, что глобальное потепление долгое время было результатом антропогенного и техногенного воздействия на окружающую среду, а развитие науки и техники напрямую влияют на качество жизни людей, но при этом наносит вред окружающей среде. Казахстан нацелен на совершенствование правового механизма реализации выбросов парниковых газов, систематизацию данных, планирование, выполнение международных обязательств в соответствии с Парижской конвенцией.

Ключевые слова: Парниковые газы, инвентаризация парниковых газов, глобальное потепление, единица, окружающая среда, охрана окружающей среды, единица установленного количества, углеродная единица

В.А. Zhussipova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Application of legislation under climate change adaptation

Abstract. This article is devoted to the study of the experience of applying the norms of international law in the field of adaptation to climate change and the application of international and national legislation to protect and preserve the environment.

The author considers problems taking into account international norms, norms of national legislation, formulates proposals for improving the legislation of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Greenhouse gases, inventory of greenhouse gas emissions, global warming, environment, the carbon unit, an installation, an installation operator, an environment protection, inventory of greenhouse gas emissions

References

- 1 Birikken Ulttar Uymınıń Klімattıń özgerwi twralı negizdemelik konvenciyasına Kioto xattamasın ratifikaciyalaw twralı. Qazaqstan Respwblıkasınıń 2009 jılǵı 26 nawrızdaǵı N 144-IV Zańı [On the ratification of the Kyoto Protocol to the United Nations Framework Convention on Climate Change. Law of the Republic of Kazakhstan dated March 26, 2009 No. 144-IV]. [Electronic resource]. Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000144_/ (Accessed: 22.12.2018). [in Kazakh]
- 2 Parnıktik gazdar şıǵarındılarına kvotalar bölw jáne Parnıktik gazdar şıǵarındılarına kvotalar bölwdiń ulttıq jospardıń kvotalardıń belgilengen mólşerdegi rezervi men kölemin qalıptastırw qaǵıdaları. Qazaqstan Respwblıkası Ükimetiniń 2017 jılǵı 15 mawsımdaǵı № 370 qawlısı [Rules for the allocation of quota for greenhouse gas emissions and the formation of the established amount and volume of quotas in the national plan for the allocation of quotas for greenhouse gas emissions. Resolution by Government of the Republic of Kazakhstan No. 370 of June 15, 2017]. [in Kazakh]
- 3 Parnıktik gazdar şıǵarındılarına kvotalar bölwdiń 2018-2020 jıldarǵa arnalǵan ulttıq jospardıń bekitw twralı. Qazaqstan Respwblıkası Ükimetiniń 2017 jılǵı 26 jeltosqandaǵı qawlısı [On Approval of the National Plan for the Distribution of Quotas for Greenhouse Gas Emissions for 2018-2020. Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of December 26, 2017]. [in Kazakh]
- 4 Qazaqstan Respwblıkasınıń ékologiyalıq Kodeksi 2007 jılǵı 9 qańtar [Ecological Code of the Republic of Kazakhstan January 9, 2007]. [Electronic resource]. Available at: // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_/ (Accessed: 23.12.2018). [in Kazakh]
- 5 Parij kelisimin ratifikaciyalaw twralı Qazaqstan Respwblıkasınıń Zańı. 4 qaraşa, 2016 j. [The Law of the Republic of Kazakhstan on ratification of the Paris Convention. November 4, 2016]. [in Kazakh]
- 6 Qazaqstan Respwblıkası Orman kodeksi 2003 jılǵı 8 şilde [The Forest Code of the Republic of Kazakhstan, July 8, 2003]. [in Kazakh]
- 7 Ulttıq bayandama 61-bap [Article 61. National Report]. [Electronic resource]. Available at: <http://energo.gov.kz/index.php?id=16381> (Accessed: 24.12.2018). [in Kazakh]
- 8 Qazaqstan Respwblıkasınıń ékologiyalıq kodeksiniń jobası [Draft of the Environmental Code of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <http://energo.gov.kz/> (Accessed: 24.12.2018). [in Kazakh]
- 9 Bykovskiy V.K. Mezhdunarodno-pravovoye regulirovaniye bor'by s global'nym potepleniye i podkhody Rossii i stran SNG k ratifikatsii Parizhskogo soglasheniya ob izmenenii klimata ot 12.12.2015 g. [International legal regulation of the fight against global warming and the approaches of Russia and the CIS countries to ratification of the Paris Agreement on climate change of 12/12/2015]. (International cooperation of Eurasian states: politics, economics, law, 1, 2017).
- 10 Sistema trgovli vybrosami: mezhdunarodnyy opyt Kazakhstan [Emission Trading System: International Experience Kazakhstan]. / Ed. Prof., Dr.E. B.K. Yesekinay. (Astana, 2014, 58 p.).
- 11 Nikonov R.V. Vybrosoy parnikovykh gazov i pravovoye regulirovaniye sokrashcheniya emissii v yevropeyskom soyuze [Greenhouse gas emissions and legal regulation of emission reductions in the European Union]. 8(41), 2017. [Electronic resource]. Available at: [C:/Users/User/Downloads/vybrosoy-parnikovykh-gazov-i-pravovoe-regulirovanie-sokrascheniya-emissii-v-evropeyskom-soyuze.pdf (Accessed: 26.12.2018)]
- 12 2018-2020 jıldarǵa arnalǵan ulttıq jospar [National Plan for 2018-2020]. [Electronic resource]. Available at: <https://unfccc.int/files/na/application/pdf/> (Accessed: 26.12.2018). [in Kazakh]
- 13 2018-2020 jıldarǵa arnalǵan ulttıq jospar [National Plan for 2018-2020]. [Elektronı reswrs]. - URL: <https://gettingthedealthrough.c> (Accessed: 26.12.2018). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Жүсіпова Б.А. - заң ғылымдарының кандидаты, Азаматтық және экологиялық құқық кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Zhusipova B.A. - PhD in Law, Candidate of Law, Associate Professor at of the Civil and Environmental Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.